

Алматы қаласында субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының 2017-2019 жылдарға арналған тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVI сессиясының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 102 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 09 маусымда № 1379 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 6 қазандағы № 159 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXII сессиясының 06.10.2017 № 159 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, тарифтердің қолжетімді деңгейін, қалалық және қала маңы қатынастарында халықтың еркін жүріп-тұру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының 2017-2019 жылдарға арналған тізбесі айқындалсын.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының **еңбек, жұмыспен қамту және көлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Р. Бадаеваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиковке жүктелсін (келісім бойынша).**

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласында субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының 2017-2019 жылдарға арналған тізбесі

№ р/е	Маршрут атауы (маршрут нөмірі)	Маршрут түрі (атауы)	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығымен бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесіне сәйкес 1 жолаушыға анықталған тариф	1 жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф	Нақты және ұсынылатын тарифтер айырмашылығы	Әлеуметтік мәні бар қатынастарды 3 жылға болжамдалатын жылдарға бөлінген субсидиялау көлемі				
						2017	2018	2019	жиыны	
1	2	3	4	5	6	7				
1	Қарағайлы – Барыс (№14)	Қалалық	140,70	80	61	73 113 150	73 113 150	73 113 150	219 339 450	
2	Алатау совхозы - Алтын орда (№15)	Қалалық	152,18	80	72	86 940 810	86 940 810	86 940 810	260 822 430	
3	Станиславский - Көктөбе (№21)	Қалалық	200,96	80	121	22 075 200	22 075 200	22 075 200	66 225 600	
4	Таужолы кенті - Барлық базары (№26)	Қалалық	133,77	80	54	22 766 218	22 766 218	22 766 218	68 298 654	
5	Орбита 2-4 - ГЭС 2 (№28)	Қалалық	522,10	80	442	64 546 600	64 546 600	64 546 600	193 639 800	

6	Әл-Фараби даңғылы – Ремизовка саяжайлары (№68)	Қалалық	260,56	80	181	44 485 470	44 485 470	44 485 470	133 456 410
7	М о с т автостанциясы – Юбилейный кенті (№107)	Қалалық	401,27	80	321	31 426 631	31 426 631	31 426 631	94 279 893
8	Алма-Арасан – № 190 мектеп (№108)	Қалалық	593,28	80	513	20 579 962	20 579 962	20 579 962	61 739 886
9	Қалдаяқов Жібек жолы - Көктөбе (№ 111)	Қалалық	189,34	80	109	29 931 825	29 931 825	29 931 825	89 795 475
10	Сұлусай - Жібек жолы (№101)	Қалалық	370,41	80	290	42 934 293	42 934 293	42 934 293	128 802 879
11	Көкжиек шағынауданы – Жұбанов көшесі (№125)	Қалалық	372,79	80	293	144 272 273	144 272 273	144 272 273	432 816 819
12	Мақатаев – Гончаров (№ 40)	Қалалық	335,88	80	256	60 707 530	60 707 530	60 707 530	182 122 590

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ